

**Қазақстан Республикасының Ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарында ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының өтуі туралы НҰСҚАУ**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 6 ақпан N 445 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің м.а. 2012 жылғы 12 қазандағы № 691 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің м.а. 2012.10.12 № 691 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарында ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының өтуі туралы нұсқау.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Алматы \_\_\_\_\_ 1997. \_\_\_\_\_ 25 бет

Нұсқау ортақ пайдаланатын автомобиль жолдары үшін көлік құралдарының өтуіне рұқсат берудің тәртібін, олардың жолдар мен көпірлерден өту тәртібін, көлік құралдарының техникалық күйіне, жабдықтарына қойылатын талаптарды, оларды өткізу үшін жолға келтіретін шығындарды өтейтін төлем шамасын, осындай тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы мен ұйымдардың іс-әрекеттерін белгілейді.

Жасаған және енгізген: Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты  
" қ а з ж о л Ғ З И " А Қ

Келісілген: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен  
1 9 қ а р а ш а 1 9 9 7 ж .

Бекіткен: Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар  
м и н и с т р л і г і  
4 желтоқсан 1997 ж. N 605

Орнына енгізілгені: Қазақстан Республикасының Көлік құрылыстары министрлігі 1993 ж. 2 маусымда бекіткен "Ірі габаритті және ауыр салмақты жүк автомобилі көліктерімен (РД 218.Р. Қаз. 64-92) тасымалдау туралы нұсқау" және "Қазақстан Республикасындағы ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарында ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының өтуіне белгіленген төлем туралы у а қ ы т ш а к ө р с е т к і ш " .

Осы нұсқау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары департаментінің рұқсатынсыз көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

## **I. Жалпы ережелер**

1.1. Осы нұсқау Қазақстан Республикасының "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" 1996 ж. 15 шілдедегі N 29-1 Заңына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын пайдалану ережелері және оларды қорғау тәртібі туралы" 1993 ж. 20 сәуірдегі N 316 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалын дамыту мен ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 1995 ж. 26 сәуірдегі N 557 Қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "Жол қоры туралы" Жарлығын жүзеге асыру туралы" 1996 ж. 21 ақпандағы N 221 Қаулысына сәйкес жасалған.

Нұсқауды жасаған кезде, сонымен қоса, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 26 сәуірдегі N 557 Қаулысын орындау мақсатында "Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттердің ауыр салмақты және ірі габаритті көлік құралдарының өтуі үшін төлемі туралы" ведомствоаралық хаты ескерілген, мұны Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет 1995 ж. 30 мамырда (N ПЗ-13/913) бекіткен, әрі Көлік және коммуникациялар министрлігімен 1995 ж. 30 мамырда (N 1 4 8 9 ) к е л і с і л г е н .

1.2. Ірі габаритті көлік құралдарына, олардың габариттік өлшемдері ортақ пайдаланатын жолдарда жүру ережесінде рұқсат етілген габариттік өлшемдерден асатын жүгі бар немесе жүксіз көлік құралдары жатады. P971650

Ауыр салмақты көлік құралдарына, олардың жалпы массасы және (немесе) оське түсетін салмағы жасаушы кәсіпорындар белгілеген шамадан асып кеткен немесе осы автомобиль жолдарында және ондағы құрылыстарда рұқсат етілген жүгі бар немесе жүксіз көлік құралдары жатады.

### **1 . 3 . О с ы н ұ с қ а у :**

- ортақ пайдаланатын автомобиль жолдары үшін көлік құралдарының шектеулі габариттері мен жүктерін;

- жүгі бар немесе жүксіз ірі габаритті және/немесе ауыр салмақты көлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсат берудің тәртібін;

Ескерту. Әрі қарай "жүгі бар немесе жүксіз ірі габаритті және/немесе ауыр салмақты көлік құралдары..." деген сөйлем "...ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдары" деп ауыстырылады.

- оларды жолдардан және жасанды құрылыстардан өткізу тәртібін;

- көлік құралдарының техникалық күйі мен жабдықтарына талаптарын;

- осындай тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы бөлімшелері мен ұйымдардың іс-әрекеттерін белгілейді.

1.4. Ауыр салмақты құралдардың шектеулі габариттері мен жүктері Жолда жүру ережесінің негізіндегі құжатта, автомобиль жолдары мен жасанды құрылыстарды жобалау нормаларында және оларда көлікті пайдалану деңгейінде белгіленген.

1.5. Осы нұсқау республикадағы ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарымен жүретін Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің барлық ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарына қолданылады.

1.6. Автомобиль көліктерімен ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау, оларды бөлшектеп тасымалдауға мүмкіндік болмаған немесе тиімсіз болған немесе басқа көлік түрлерімен тасымалдау мүмкіндігі болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

Көлік түрін ірі габаритті және ауыр салмақты жабдықтарды немесе бұйымдарды әзірлеудің жобалық құжаттарын жасау кезеңінде анықтайды. Тасымалдау құнының есебіне жолдарға және жасанды құрылыстарға келтірілген зиян, жолдар мен құрылыстарды жақсартуға немесе конструкциялауға, жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларға, сондай-ақ Жол полициясының патрульдік автомобильдері еріп жүруге кететін шығындар ескеріледі.

1.7. Ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жүруі тек тиісті ақысын төлегеннен кейін автомобиль жолдары басқармасының органдары берген арнайы рұқсат бойынша ғана жүзеге асырылады. Ақы мөлшері АҚШ долларымен есептеледі де, төлем жасаған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша ұлттық валютамен теңгемен төленеді.

Ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарынан төлем алудың негіздемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "Жол қоры туралы" заң күші бар "Жарлығын жүзеге асыру туралы" 1996 ж. 21 ақпандағы N 221 Қаулысы болып саналады.

1.8. Төлемді ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жүруі салдарынан жолдар мен құрылыстарда пайда болған бүліністерді қалпына келтіруге, оларды өткізуді ұйымдастыруға және осы кезде жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге пайдаланады.

1.9. Арнайы рұқсатсыз жүргені, сондай-ақ келісілген маршруттан ауытқығаны үшін жүк тасымалдаушыдан жүргеніне он еселік сома төлем мөлшерінде өтем алынады, оны арнайы рұқсат беретін автомобиль жолдары басқармасы органының есеп шотына құяды.

1.10. Жолда жүру ережесін және осы нұсқаудың талаптарын

сақтамағандықтан жолдарды және жол құрылыстарын зақымдағаны үшін тасымалдауды жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ көлік құралдарын жүргізуші қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді.

1.11. Егер ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдары келісілген маршрут бойынша жүрген кезде Жолда жүру ережесін және осы нұсқаудың талаптарын сақтай отырып жолдарды, ондағы құрылыстарды және өзге де объектілерді зақымдаса, онда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тасымалдауға келіскен ұйым жауап береді.

1.12. Ірі және ауыр салмақты көлік құралдарын Жол полициясының патрульдік автомобильдерінің ертіп жүруі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **2. Шектеулі габариттер мен жүктер**

2.1. Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің көлік құралдарының ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарымен жүруі үшін мынадай ең жоғары шектеулі габариттік өлшемдері белгіленген: жол бетінен биіктігі - 4,0 м, ені - 2,5 м (рефрижераторларға және изотермиялық кузовтарға), ұзындығы бір тіркемелі (жартылай тіркемелі) автопойыз үшін - 24 м.

Егер аталған параметрлердің кез келгенінің габаритті өлшемі ең жоғары шектеуден асып кетсе, сондай-ақ егер жүк көлік құралы габаритінің соңғы нүктесінен 2 метрден артық шығып тұрса, онда жүгі бар немесе жүксіз көлік құралдары ірі габаритті деп саналады.

2.2. Көлік құралдары оське түсетін салмаққа байланысты екі топқа бөлінеді: "А" тобы - оське түсетін салмақ 6-дан 10 тонна-күшке (тк) дейін, жол төсемі іргелі типте жетілдірілген I-III категориядағы жолдарда пайдалануға арналған; "Б" тобы" - оське түсетін салмақ 6 тк-ке дейін, барлық категориядағы жолдарда п а й д а л а н у ғ а а р н а л ғ а н .

2.3. Жол төсемі көтерімді автомобиль жолдарын пайдаланған кезде оське түсетін салмақты, жол төсемінің беріктігі бойынша автомобильден түсетін салмақтың нормативтік құжаттарының талаптарымен белгілейді, ал оның өзі жолдардың салынған (реконструкцияланған) жылына, жөндеу жұмыстарының мезгілінде жүргізілуіне, сондай-ақ жыл маусымына байланысты.

Беріктік жөніндегі қолданылып жүрген нормативтік құжаттардың талаптарын қанағаттандыратын жол төсемдері үшін бір осьті көлік құралдарына түсетін шектеулі салмақты доңғалақтардың төсемге орташа есептік үлес қысымымен I-к е с т е б о й ы н ш а а н ы қ т а й д ы .

Ескерту. Бір-бірінен 2,5 м-ден астам ара қашықтықта орналасқандарын бір осьті деп атайды.

Осьтер аралығының қашықтығы, м	Бір оське түсетін салмақ, тк-тен	Доңғалақтардың төсемге орташа үлес қысымы, МПа	
"А" тобындағы көлік құралдары түсіретін салмаққа есептелген, жол төсемі іргелі типтегі жетілдірілген I-III категориядағы жолдар үшін	"Б" тобындағы көлік құралдары түсіретін салмаққа есептелген, жол төсемі жеңіл және уақытша типтегі жетілдірілген III-V категориядағы жолдар үшін	"А" тобындағы көлік құралдары түсіретін салмаққа есептелген, жол төсемі үшін	"Б" тобындағы көлік құралдары түсіретін салмаққа есептелген, жол төсемі үшін
2,5 - нан астам	10	6	0,6   0,5

"А" тобындағы автобустар үшін осы оське түсетін салмақты II тк-ке дейін арттыруға рұқсат етіледі, "Б" тобы бойынша 7 тк-ке дейін, "Б" тобындағы екі осьті автомобильдер негізінде шығарылатын өзі түсіретін автомобильдер үшін - 6,5 тк-ке дейін.

Қазақстан Республикасындағы ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарында шет мемлекеттерге арнайы рұқсатсыз бір осьтіде оське түсетін салмағы 6 тк-ке дейінгі "Б" тобындағы көлік құралдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

2.4. Бір осьті көлік құралдары үшін 2.3 тармаққа сәйкес жол төсеміне рұқсат етілетін салмақ, қолайсыз ауа райы жағдайында (көктем кезінде т.б.), сондай-ақ беріктігі бойынша қолданылып жүрген нормативтік құжаттардың талабына сай келмейтін жол төсемдері, оларды толық бүлінуден қорғау мақсатында тиісті жол белгілерін орнату арқылы кемітілуі мүмкін. 2.3. Тармақтағы оське түсетін шектеулі салмақты кеміту үшін белгілерді қоюды тиісті құзыретті ұйымдардың қорытындысы бойынша шешеді.

2-кесте

Жол құралдары үшін жол белгілерімен шектелетін салмақтар	Бір осьті көлік құралдары үшін жол белгілерімен рұқсат етілетін шектеулі салмақ (тк)	Ось аралықтарының қашықтығы әртүрлі қос N осьті көлік құралдары үшін жол белгілерімен рұқсат етілетін шектеулі салмақ (тк)
--	--	--

		1,0 м	1,2 м	1,4 м	1,6 м	2,0 м
1	4	6,6	7,0	7,3	7,5	7,3
2	6	9,4	9,9	10,3	10,8	11,4
3	8	12,0	12,6	13,2	13,8	14,6
4	10	14,7	15,3	15,9	16,6	17,8

2.5. Ось аралықтарының қашықтығы әртүрлі қос осьті көлік құралдары үшін жол төсеміне түсетін шектеулі салмақты 2-кесте бойынша, 2,3 және 2,4 тармақтарда бір осьті көлік құралдары үшін жол төсеміне түсетін шектеулі салмаққа қарай анықтайды.

2.6. Ось аралықтарының қашықтығы әртүрлі үш осьті көлік құралдары үшін жол төсеміне түсетін шектеулі салмақты 3-кесте бойынша, 2.3 және 2.4 тармақтарда бір осьті көлік құралдары үшін жол төсеміне түсетін шектеулі салмаққа қарай анықтайды. 2.7. Шет мемлекеттердің көлік құралдары үшін 2-ші және 3-кестелерде белгіленген осьтік шектеулі салмақ шамасын N 2 жолдағы шамадан асырмай қабылдайды.

3-кесте

Жол	Бір осьті көлік құралдары үшін жол белгілерімен	Ось аралықтарының қашықтығы әртүрлі қос N осьті көлік құралдары үшін жол белгілерімен рұқсат етілетін шектеулі салмақ, тк шектелетін салмақтар				
		1,0 м	1,2 м	1,4 м	1,6 м	2,0 м
1	4	9,9	10,5	10,9	11,2	11,7
2	6	13,8	14,7	15,4	16,2	17,1
3	8	17,4	18,0	18,8	20,4	21,9
4	10	21,0	21,3	22,2	24,5	26,7

2.8. Көп осьті, көп доңғалақты және доңғалақ қысымы 0,4-тен кем немесе 0,65-тен (МПа) астам көлік құралдары үшін жол төсемінің шектеулі салмағы 2-ші және 3-кестелер бойынша емес, қолданылып жүрген нормативтік құжаттар бойынша есептейді.

2.9. Жасанды құрылыстарды пайдаланған кезде шектеулі салмақты олардың нақты жүк көтерімділігімен анықтайды, ал мұның өзі оның салынған (реконструкцияланған) жылына, жөндеу жұмыстарын дер кезінде жүргізуіне және автомобиль колонналарының салмағы мен бір осьті (шынжыр табанды немесе

доңғалақты) көліктің салмағы бойынша нормативтік құжаттардың талабына б а й л а н ы с т ы .

Ақауы жоқ, жүк көтерімділігін кемітетін жасанды құрылыстардан (көпірлер, жол өткелдері, су жіберетін құбырлар) колонна құрамындағы басқа көлік құралдарының жылдамдылығын кемітпей өткізгенде, көлік құралдарының шектеулі жалпы массасы мен оське түсетін салмақты, сол құрылыстарға жобаланған есептік салмақ схемасы бойынша және 4-кесте бойынша құрылыс аралығының ұзындығына қарай анықтайды. Аралығы әртүрлі көпірлерде шектеулі жалпы масса мәнінің ең азы алынады.

2.10. Ақауы жоқ, жүк көтерімділігін кемітетін жасанды құрылыстар үшін шектеулі жалпы масса мен бір оське түсетін нормативті жекелей салмақты 5-кесте бойынша анықтайды. 2.11. Ақауы бар, жүк көтерімділігін кемітетін жасанды құрылыстардан колонна құрамында басқа көлік құралдарының жылдамдығын кемітпей өткізгенде шектеулі массасы мен оське түсетін нормативтік салмақты жасанды құрылыстың жүк көтерімділігін сынау арқылы белгілейді.

#### 4-кесте

Жасанды құрылысты кезде жалпы масса мен салмақтың кем есептік схемасы	Құрылыс аралығының ұзындығы, м	Шектеулі жалпы массасы т-дан кем емес	Оське түсетін жобалаған шектеулі салмақ, тк-тен емес
Н-30	барлық аралықтар үшін	30	12
	45-ке дейін	30	12
Н-18	45-тен астам	23	12
	барлық аралықтар үшін	17	12
Н-13	барлық аралықтар үшін	13	10

#### 5-кесте

Жасанды құрылысты жобалаған Шектеулі жалпы Оське түсетін кезде бір

осьтік салмақтың |массасы, Т-дан|шектеулі салмақ, есептік  
схемасы |көп емес |тк-тен көп емес

Н К - 8 0		8 0		2 0
Н Г - 6 0		6 0		1 6
Н Г - 3 0		3 0		7 , 5

2.12. Жүгі бар және жүксіз көлік құралдары ауыр салмақты болып саналады, егер: - масса және/немесе осьтерге түсетін салмақ, сол көлік құралдары үшін жасаушы кәсіпорын белгілеген шамадан асып кетсе;

- көлік құралдарының нақтылы осьтік салмағына немесе 2.11. тармақта жасанды құрылыстардан колонна құрамында басқа көлік құралдарының жылдамдығын кемітпей өткізгенде, көлік құралдары осіне шектеулі салмағына белгіленгеннен асып кетсе;

- колонна құрамында басқа көлік құралдарының жылдамдығын кемітпей өткізгенде, жасанды құрылыстар үшін көлік құралдарының шектеулі жалпы массасы 2.9. және 2.11 тармақтарда белгіленген көлік құралдарының жалпы массасынан асып кетсе.

2.13. Ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарында оське түсетін салмақ 2.3 - 2.8 тармақтарда шектелгеннен 2 еседен астам асып кетсе немесе жалпы салмағы 5-кестеде көрсетілген шамадан асып кетсе көлік құралдарының жүруіне тиым салынады. Жүгі көбейіп кеткен жағдайда жүгін азайту ұсынылады, ал көлік құралдары осындай жүгімен жүретін болса, онда жүріс маршрутындағы жол төсемдері мен жасанды құрылыстарды нығайту жөнінде арнайы шараларды атқарады.

### 3. Арнайы рұқсат беру және жүріс маршрутын келісу тәртібі

3.1. Қазақстан Республикасындағы ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарымен ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жүруі, 1-қосымшада келтірілген үлгі бойынша арнайы рұқсатпен ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Рұқсатты автомобиль жолдары басқармасының тиісті органдары береді.

Арнайы рұқсат, әдетте, бір жолғы жүріске беріледі. Белгіленген маршрут бойынша біркелкі жүктерді тасымалдағанда арнайы рұқсатты жүктің белгілі бір тобына немесе автомобиль жолдары басқармасының органдары белгілеген мерзімге (нақты объектінің салыну ұзақтығына, тасымалдау көлеміне т.б.) берілуі мүмкін.

#### 3.2. Арнайы рұқсатты:

- Қазақстан Республикасында тіркелген ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарына бірнеше облыстың аумағынан өтетін республикалық және



жергілікті жолдарға рұқсатнаманы, сондай-ақ шет мемлекеттердің ірі габаритті, ауыр салмақты көлік құралдарына ортақ пайдаланатын барлық автомобиль жолдарына рұқсатнаманы автомобиль жолдары басқармасының республикалық о р г а н ы б е р е д і ;

- Қазақстан Республикасында тіркелген ірі габаритті, ауыр салмақты көлік құралдарына облыс шебіндегі республикалық және жергілікті автомобиль жолдарына рұқсатнаманы автомобиль жолдары басқармасының облыстық о р г а н д а р ы б е р е д і ;

- мемлекеттік қатыстылығына қарамастан қала шебіндегі ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарына рұқсатнаманы қалалық әкімшіліктің жол-көпір ш а р у а ш ы л ы ғ ы б е р е д і .

3.3. Қазақстан Республикасында тіркелген ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдары "А" тобындағы салмақтан асып кеткен жағдайда, ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарында жүріс маршрутына келісілген рұқсатнаманы беруді жүзеге асыратындар:

- маршрут облыс шебіндегі республикалық жолдардан өткенде - сол облыстың ішкі істер бөлімінің Жол полициясы бөлімшелері;

- маршрут бірнеше облыстың республикалық жолдарынан және жергілікті жолдарынан өткенде - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаменті береді.

Шет мемлекеттердің ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жүріс маршрутына келісілген рұқсатнаманы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаменті береді.

Жүріс маршрутын келісуге тиісті ұйымдардың қосымша тізбесін, осы нұсқаудың 3.4 - 3.5 тармақтарына сәйкес арнайы рұқсат беретін қала шаруашылығының автомобиль жолдары мен автомобиль-көпір шаруашылықтары басқармасының органдары көрсетеді.

3.4. Жолда жүру ережесінің талаптарына сәйкес темір жол жолдарының ара қашықтығына мынадай жағдайда келісіледі:

- егер жүгі бар немесе жүксіз көлік құралдарының габариттері ені бойынша 5 м, өтетін тұстың үстінен биіктігі - 4,5 м, ұзындығы бойынша бір тіркемелі (жартылай тіркемелі) автопойыз үшін - 20 м, екі және одан көп тіркемеліде - 24 м болса, онда темір жол жолдарынан кесіп өту бір деңгейде, немесе жүріс жылдамдығы 8 км/сағаттан аспайды;

- егер жүгі бар немесе жүксіз көлік құралдарының ені 5 м-ден асса, ал өтетін тұстың үстінен биіктігі 4,35 м-ден асса, онда темір жолдардың астындағы көпірлерден (жол өткелдерінен) өту маршруты.

3.5. Ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдаған кезде, олар сонымен қоса қауіпті болса, онда қауіпті жүктерді автомобиль көліктерімен

тасымалдаудың қауіпсіздігі жөніндегі қосымша нұсқау талаптары орындалуы  
т и і с .

3.6. Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарынан өтуіне арнайы рұқсатты мынадай тәртіппен ресімдейді.

Автомобил жолдары басқармасының тиісті органдарына (нұсқаудың 3.2. тармағына сәйкес) тасымалдаудан ең кемі 20 тәулік бұрын осы нұсқаудың 2-қосымшасында белгіленген формада жүк тасымалдау жөнінде өтініш береді. Онда жүкті тасымалдауға келісетін ұйымға қажетті жүріс маршруты туралы барлық мәліметтер, көлік құралдарының габариттік өлшемі мен массасы, тасымалдаудың ұйғарылған мерзімі, жүріс маршруты мен басқа да мәліметтер  
б о л у ы т и і с .

Сонымен қоса осы нұсқаудың 7-тарауына сәйкес өтініш беруші рұқсат беретін ұйымның есеп шотына өтінішін қарағанда тиесілі төлемді құяды. Осыдан кейін рұқсат беретін ұйым оны қарап, көлік құралының геометриялық параметрлері мен салмағын тексереді, жол төсемдері мен жасанды құрылыстардың пайдалану күйін айқындайды, көлік құралдарының жол мен жасанды құрылыстардан өту мүмкіндігі мен жағдайын анықтайды, айналма жол маршруттарын таңдайды, жүргені үшін төлем мөлшерін есептейді.

Автомобиль жолдарымен көлік құралдарын өткізуге мүмкін болған жағдайда жол басқармасы органдары нұсқаудың 1-6 тармақтарында көрсетілгендей арнайы рұқсатты толтырады. Нұсқаудың 3.4 - 3.5 тармақтарында көрсетілген жағдайлар туындаса, онда рұқсатты тиісті ведомствоға қосымша келісуге жібереді. Егер жүруге мүмкін болмаса, онда автомобиль жолдары органы өтініш білдірушіге дәлелді себептерін көрсетіп бас тартады.

Жол полициясы тасымалдауға арнайы рұқсатты келіскен кезде, жол жағдайын ескере отырып, ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарына Жол полициясының патрульдік автомобильдерінің ілесіп жүруінің қажеттілігі  
т у р а л ы м ә с е л е н і ш е ш е д і .

Мәселе оң шешілген жағдайда, арнайы рұқсатты берер алдында тапсырыс берген автомобиль жолдары басқармасы органының есеп шотына жүру төлемін құяды. Өтініш беруші жүріс төлемін құйғаны туралы хабарланғаннан кейін ресімделген арнайы рұқсатын алады.

3.7. Көлік құралдарының шектеулі салмақ параметрлері мен габариттерінің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы органдары және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің автомобиль жолдары басқармасының органдары жүзеге асырады.

3.8. Параметрлері "А" тобындағы көліктер параметрлерінен аспайтын және

толық массасы 36 т-дан көп емес шет мемлекеттердің көлік құралдарында өтуіне Арнайы рұқсат болмаған жағдайда, Көлік инспекциясының органдары, жол органдарының келісімінсіз-ақ өз жауапкершілігімен оны жедел түрде бере алады.

#### **4. Ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарында ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарын жүргізу тәртібі**

4.1. Ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарында ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жүруіне, әдетте, көлік жүрістері ең аз сағаттарда, елді мекендерден тысқары - тәуліктің тек жарық уақытында рұқсат етіледі.

Тәуліктің қараңғы елді мекеннен тысқары, сондай-ақ тәуліктің жарық уағында көлік жүрісі жиілегенде жол бастаушы автомобильдің көмегімен немесе Жол полициясының патрульдік автомобильдерінің ілесуімен ғана жүруге рұқсат етіледі.

4.2. Қарбалас жүріс кезінде, сондай-ақ жол жағдайы қиындағанда және көлік жүрістері көбейіп, көлік құралдарының жүруіне қиындық келтіретін әрі қауіп төндіретін кездерде жүруге рұқсат етілмейді.

4.3. Жол жағдайын ескере отырып тасымалданатын жүктің габариттеріне, салмағында және ерекшелігіне қарай ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының шектеулі жылдамдығын, арнайы рұқсат берер алдында, автомобиль жолдары басқармасының тиісті органдары белгілейді. Көліктің ең көп жылдамдығы 50 км/сағаттан аспауы тиіс. Мұндайда Жолда жүру ережесіне сәйкес көлік құралдарында жылдамдықты шектейтін айырым белгісі орнатылуы тиіс.

4.4. Тасымалдауға рұқсатты келіскен кезде осы нұсқаудың 4.5 - 4.7 тармақтарына сәйкес ілесіп жүрудің қажеттілігі мен түрін Жол полициясы белгілейді.

4.5. Ілесіп жүру былайша жүзеге асырылуы мүмкін:

- жол бастаушы автомобильмен, сондай-ақ жүкті тасымалдайтын, немесе жүкті жіберетін ұйымдар бөлген тарататын немесе итеретін құралдармен ( тасымалданатын жүктің түріне және жол жағдайына қарай);
- Жол полициясының патрульдік автомобильдерімен.

Жол полициясы органдары сонымен қоса тасымалдаушыларға немесе жүк жөнелтушілерге ілесіп жүретін адамдардың қажеттігін белгілейді.

4.6. Жүгі бар көлік құралдарының ені 3,5 м-ден асқанда немесе ұзындығы 24 м-ден астам болғанда, сондай-ақ көлік құралдары жасанды құрылыстармен жүргенде түсетін салмақ 5-кестеде көрсетілген жеке жүктердің нормативтік салмағынан асып кеткенде жол бастаушы автомобильдің ілесуі міндетті болып саналады. Жол бастаушы автомобильдің жүру тәртібін және басқадай жүруге қатысушыларға жүруді жүзеге асыру туралы хабарлау әдісін автомобиль

жолдары басқармасының тиісті органдары 5-тармақтағы жүруге арнайы рұқсат беретін бланкінің "Жүрудің ерекше жағдайлары" бойынша көрсетеді.

4.7. Жол полициясының патрульдік автомобилінің ілесіп жүруі мынадай жағдайда міндетті:

- көлік құралының ені 4,0 м-ден асқанда;
- автопойыздың ұзындығы 30 м-ден асқанда;
- көлік құралдары жүрген кезде қарсы жүріс жолағын сәл де болса басып жүруге мәжбүр болғанда;
- жүру барысында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жолда жүруді реттеудің қосымша шараларын қамту қажет болғанда.

4.8. Жол бастаушы автомобиль ілестіріп жүретін көлік құралдарының алдында 10-20 м қашықтықта жүруі тиіс. Мұндайда жол бастаушы автомобиль ілестіріп жүретін көлік құралдарының сол жағына шығыңқырап жүреді, яғни жол бастаушы автомобильдің ендік габариті ілесіп жатқан жүгі бар көлік құралының габаритінен шығып тұруы тиіс.

4.9. Жол полициясының патрульдік автомобилінің ілесіп жүруі де, жол бастаушы автомобильдегідей тәртіппен жүзеге асырылады. Көлік құралдарын ілестіріп жүргенде патрульдік автомобиль авариялық жағдайды болдырмас үшін көшелер мен жол қиылыстарындағы жүрістерді дер кезінде жабуы тиіс.

4.10. Жол полициясының ілесіп жүретін патрульдік автомобилінде жарқырауық шамы жанып тұруы тиіс. Жол бастаушы автомобильге сары түсті жарқырауық шам орнатылады, оны жағу басқа жүргіншілерге ескертудің қосымша құралы болып саналады, әрі жүруде басымдылық құқын бермейді. Жол полициясының патрульдік автомобильдерінде, жол бастаушы автомобильдерде және жүк таситын көлік құралдарында күндізгі уақытта жақынға түсетін фара қосылып тұруы тиіс.

4.11. Белгіленген маршрут бойынша жүрер алдында тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымның арнайы тағайындалған өкілі көлік құралдарын қарап шығуы тиіс. Арнайы рұқсат бланкісіне көлік құралдарының сәйкестігі, сондай-ақ жүктің Жолда жүру ережесі осы нұсқау талаптарына сай бекітілгені туралы мөрмен куәландырылған жазу енгізіледі.

Арнайы рұқсат бланкісі жүргізушіде немесе көлік құралдарына ілесіп жүретін адамда болады. Жүру маршруты жол парақшасында және арнайы рұқсатта көрсетілуі тиіс.

4.12. Ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды жүргізу құқы бар әрі тиісті категориядағы көлік құралдарын басқару тәжірибесі бар жүргізушілерге рұқсат етіледі.

4.13. Жүру барысында ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жүргізушілері:

- қарсы келе жатқанда ешқандай кедергі жасамауға, артта келе жатқан көлік құралдарының басып озуына мүмкіндік жасау үшін ауық-ауық қолайлы тұсқа тоқтатуға міндетті.

4.14. Ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жүргізушілеріне:  
- 30 км/сағ. және одан астам жылдамдықпен жүріп келе жатқан көлік құралдарын басып озуға;  
- басқа көлік құралдарын тіркеуге алуға;  
- тайғанақта немесе көру қашықтығы 100 м-ден кем болғанда жүруге;  
- жол табанынан тысқары орналасқан арнайы белгіленбеген тұраққа тоқтауға тиым салынады.

4.15. Тасымалдау жүріс жолының бекітілген маршруты мен графигіне сәйкес қатаң жүзеге асырылуы тиіс. Егер тасымалдау кезінде бекітілген маршрутты өзгерту қажет болған жағдайда, тасымалдауды жүзеге асыратын ұйым өзгертілген маршрут бойынша жаңадан арнайы рұқсат алуы тиіс. Оны алғанға дейін тұрақ пунктінде жүру тоқталады.

## **5. Көпірлер мен жол өтпелерінен ауыр салмақты көлік құралдарын өткізу ерекшеліктері**

5.1. Көпірлер мен жол өтпелерінен ауыр салмақты көлік құралдарын өткізу тәртібін ортақ пайдаланатын автомобиль жолдары басқармасының органдары мен қалалардың жол-көпір шаруашылықтарына қызмет ететін ұйымдар, олардың аумағына кірер кезде анықтайды.

5.2. Барлық көпірлер мен жол өтпелерінің алдына (бұлар 30 т-дан кем жүкке есептелген немесе өткізе алады) қаладағы жолды пайдалануға қызмет көрсететін органдары 3.11 "Массаға шектеу" белгісін орнатуға тиіс.

5.3. Нақты көпірден (жол өтпесінен) көлік құралдарын өткізу тәртібі өткізілетін жүк түріне қарай белгіленеді: бақыланбайтын, массасы бақыланатын, нормадан астам.

5.4. Бақыланбайтын массалық жүкке осы нұсқаудың 4-кестесінде және 2.11 тармағында көрсетілген шектеулі жалпы массадан немесе осьтік салмақтан аспайтын жүктер жатады. Оларды колонна құрамында басқа көлік құралдарымен бірге жылдамдығына шек қойылмай өткізеді.

5.5. Бақыланатын массалық жүкке осы нұсқаудың 4-кестесінде және 2.11 тармағында көрсетілген шектеулі жалпы массадан жалпы нақты массасы ең кемі 17% асып кеткен және ең көп осьтік салмақтан ең кемі 1,08 есе асып кеткен жүктер жатады. Көпірлер мен жол өтпелерінен осы салмақтағы көлік құралдары колонна құрамында басқа көлік құралдарымен бірге, көлік құралдарының ара қашықтығын ең кемі 15 м аралықта сақтай отырып, арнайы рұқсатпен өтуі мүмкін.

5.6. Жекелей бақыланатын жүктерге осы нұсқаудың 4-кестесінде және 2.11

тармағында көрсетілген жалпы массасы және/немесе ең көп осьтік салмағы шектеулі жалпы массадан 17%-тен аспайтын және/немесе осьтік салмақтан 1,08 есе аспайтын, бірақ 5-кесте бойынша жекелей жүктердің нормативтік мәнінен аспайтын жүктер жатады.

Ақауы жоқ, жүк көтерімділігін кемітетін барлық көпірлер мен жол өтпелерінен осындай жүгі бар көлік құралдары тиісті келісімнен кейін мынадай жағдайларды сақтағанда өткізілуі мүмкін:

- көпір мен жол өтпесінен жүргенде басқа көлік құралдары болмауы тиіс;
- көлік құралдары жүріс бөлігінің осін қатаң сақтай отырып, 10 км/сағ, жылдамдықтан асырмай жүруі тиіс;
- жүкті тасымалдаушы ұйым өкілдерінің, жолды пайдалану органдарының немесе Жол полициясының бақылауымен жүрісті жүзеге асырады.

5.7. Нормадан астам жүктерге жалпы массасы 5-кестедегі жекелей нормативтік жүк мәнінен асып кеткендері жатады. Мұндай жүгі бар көлік құралдарын өткізу тек жасанды құрылыстардың бекемдігін арттыру жөнінде арнайы шаралар қолданғаннан кейін және де тек ерекше жағдайда (басқа маршрутпен айналып өтуге мүмкіндік болмағанда) жүзеге асырылады. Жасанды құрылыстарды тексеру, жобасын жасау және жасанды құрылыстардың бекемдігін арттыру жөніндегі жұмыс шараларының төлемін жүк тасымалдаушылардың қаражаты есебінен жеке смета бойынша жүзеге асырады.

## **6. Көлік құралдарының техникалық күйіне, жабдықтарына талаптар және жүктерді белгілеу**

6.1. Ірі габаритті жүктерді тасымалдауға пайдаланатын көлік құралдарының барлық ұстататын тетіктері мен құрылғылары қармауыштары, сүйеу, тіреніштері жылжымалы немесе жиналмалы болуы тиіс, олар жүк болмаған кезде көлік құралының габариттерінен сарайып шығып тұрмауы тиіс.

6.2. Ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының техникалық күйі Жолда жүру ережелерінің, осы нұсқаудың, автомобиль көлігінің жылжымалы құрамын техникалық пайдаланудың және жасаушы зауыт нұсқауының талаптарына сай келуі тиіс.

6.3. Тіркемелі (жартылай тіркемелі) автомобиль-тягач құрамындағы автопойыз жүрген кезде автомобиль-тягачтан тіркеменің екі жаққа көлденең тербелісінің ("шайқалуының") шамасы оның габариттік енінен 3%-тен астам ауытқымауы тиіс.

6.4. Автопойыздың тежеуіш жүйесі автомобиль-тягачтың тежеуіш педалы арқылы жұмыс істеуі әрі тежеуіш күшінің оның буындары аралығына тең бөлінуін қамтамасыз етуі, сол арқылы тежелген кезде автопойыздың "бүктеліп" қалмауын болдырмауы тиіс.

6.5. Автомобиль-тягач арнайы құрылғымен жабдықталуы тиіс, мұның өзі

автомобиль-тягач аралығындағы және оның тіркемесіндегі немесе жартылай тіркемесіндегі байланыстыру жүйесі үзілген жағдайда автомобиль-тягачты жұмыстық немесе авариялық тежеуішпен тоқтатуға мүмкіндік береді.

6.6. Тіркемелер (жартылай тіркемелер) тұру тежеуішімен жабдықталуы тиіс, мұның өзі көлік құралынан жүгі бар жартылай тіркеме немесе тіркеме ажыратылған кезде, 16% еңістікте, тіркеменің (жартылай тіркеменің) барлық доңғалағында іске қосылатын жұмыстық тежеуішпен сенімді тоқтатуды қамтамасыз етеді. Тіркемелер (жартылай тіркемелер) тягачтың байланыстыру жүйесінен үзілген жағдайда да автоматты тоқтатуды қамтамасыз ететін құрылғы болуы тиіс.

6.7. Ауыр салмақты жүктерді тасымалдаған кезде автопойыздың әрбір жағындағы әрбір буынында ең кемі екі тежеуіш сына ("башмактар") болуы тиіс, мұның өзі еңісте амалсыз аялдаған жағдайда доңғалақтарды қосымша тоқтатуға мүмкіндік береді.

6.8. Автомобиль кабинасы арт жағын көретін ең кемі сыртқы екі айнамен жабдықталуы тиіс, олар кабинаның сол және оң жақтарына орнатылады, әрі мұның өзі тиіп келе жатқан жүкті тұтастай габаритімен бақылауды қамтамасыз етеді. Арт жақты көрсететін айналардың автомобиль осіне параллель бағытта алға және артқа жылжып тұруын (жылжыту күші 20-25 кгс) қамтамасыз ететін құрылғысы болуы тиіс.

6.9. Жолда жүру ережелерінің талабына сәйкес ұзындығы 6 м-ден астам көлік құралында, сондай-ақ артылатын (седальный) тягачтарда бүйірлік бұрылысты қайталап көрсеткіштер болуы тиіс.

6.10. Көлік құралдарында (тягачтарда) кабинаның орта тұсында автопойыздың айырым белгісі - қызғылт түсті үш фонарь қойылады, оларды 150-300 мм аралықта кабинаға қатарластырып орнатады.

Автопойыздың айырым белгілері сары түсті, жан-жағы бірдей (әр жағы 250 мм) үшбұрыш түрінде белгіленіп, іштен жарық береді.

6.11. Тіркеме мен жартылай тіркеменің арт жақ тұсына жарық қайтаратын қызыл түсті екі құрал орнатылады, олардың әрқайсысының жан-жағы тең бұрышты (әр жағы 150-ден 200 мм-ге дейін), бұлардың төбесі жоғары қаратылып, сыртқы габариттің ені бойынша 0,4 м аралықтан асырмай орнатады. Тіркеменің немесе жартылай тіркеменің алдыңғы кенересіне жарық қайтаратын ақ түсті екі құрал болуы тиіс, олар дөңгелек формалы, диаметрі 0,2 м-ге дейін, бұларды сыртқы габариттен ені бойынша 0,15 м аралықтан асырмай орнатады.

6.12. Көлік құралы габаритінің алдыңғы және артқы жағынан 1 м-ден астам немесе ені бойынша - алдыңғы немесе артқы габариттік жарықтың сыртқы жиегінен 0,4 м-ден астам шығып тұратын жүкте, алдыңғы және артқы тұстарын: сигналдық қалқандармен немесе мөлшері 400x400 мм жалаушалармен белгілейді

(диагонали бойынша қызыл және ақ түстермен алмастырған, ені 50 мм жолақтар қалқанның немесе жалаушаның екі жағына), сондай-ақ тәуліктің қараңғы уағында және жөнді көрінбейтін жағдайда - жарық қайтарғыш құралдармен немесе алдынан ақ түсті, бүйірінен қызғылт түсті, артынан қызыл түсті фонарлармен белгілейді. Жолда жүру ережесінде белгіленген габарит параметрлері ұзындығы мен ені бойынша асып кететін барлық көлік құралдары осындай әдіспен белгіленуі тиіс.

6.13. Тасымалданатын жүктің биіктігі жүретін бөліктен 4,5 м асып кетсе, көліктің алдында жүретін жол бастаушы автомобильге бір не екі габариттік штанга орнатылып, оның ұшына қараңғы не жөнді көрінбейтін уақытта жарық түсіретін сары түсті сигнал шамдары қойылады. Шамдардың биіктігі жүк габаритінің жоғарғы нүктесінен 5-10 см асуы, негізгі тягачты жүргізушіге көрініп тұруы тиіс.

6.14. Автопойыздың ұзындығы 24 м-ден асса, Жолда жүру ережесіне сәйкес, көліктің артқы бортына бекітілген арнайы қалқанға мынадай параметрлерде айырым белгілері орнатылады: ұзындығы 1200 мм, биіктігі - 300 мм, белгі түсі - сары, жиегі қызыл, жарық қайтарғыш материалдың ені 40 мм.

6.15. Көлік құралдарының биіктігі 4,0 м-ден асқанда тасымалдау маршрутындағы өтпе жолдардың, басқадай жасанды құрылыстар мен коммуникациялардың астынан өтерде жүк тасымалдаушы әуелі олардың биіктігін өлшеп алуы тиіс.

#### 1-Қосымша

Арнайы рұқсат Қазақстан Республикасының жолдарымен жүретін ауыр салмақты және ірі габаритті көлік құралдарының 1 (бір) N рет өтуі үшін

Көлік құралдарының жүруі \_\_\_\_\_  
(марка, модель, нөмірлік белгі)  
\_\_\_\_\_ маршрут бойынша \_\_\_\_\_  
(маршрут өтетін елді

мекендердің аты)

1. Параметрлері мен салмағы:
- а) габариттік өлшемі, м: ұзындығы \_\_\_\_\_; ені \_\_\_\_\_; биіктігі \_\_\_\_\_;
  - б) осьтер мен доңғалақтардың орналасу схемасы, олардың аралығы, м \_\_\_\_\_;
  - в) жүгімен бұрылуының ең аз радиусы, м \_\_\_\_\_;
  - г) жалпы нақты массасы \_\_\_\_\_ т, соның ішінде жүгі \_\_\_\_\_ т;
  - д) оське түсетін салмақ N, тк:



2. Нұсқаудың 4,5 тармағына сәйкес ілесіп жүруге бөлінген көлік құралы:

(марка, модель, нөмірлік белгі)

3. Жүкті тасымалдаушы ұйымның аты, мекен-жайы, телефоны

4. Жүруге рұқсат етіледі \_\_\_\_\_

( кү н і , а й ы , ж ы л ы )

\_\_\_\_\_ сағаттан \_\_\_\_\_ сағатқа дейін, жылдамдығы жолдарда  
\_\_\_\_\_ км/сағ.; көпірлерде \_\_\_\_\_ 10 км/сағ. асырмай.

(мекен-жайы көрсетілсін)

5. Жүрудің ерекше жағдайы \_\_\_\_\_

(Ілесуші автомобильдің жүру тәртібі,

басқа жүргіншіге тасымалдау, жүктің түрі, оны көпірден өткізу

тәртібі т.б. туралы көрсету)

.....  
| "АРНАЙЫ РҰҚСАТ" ТҮБІРТЕГІ |

көлік құралының маркасы, моделі, нөмірлік белгісі, параметрлері,  
маршрут нөмірі, бастапқы және соңғы пункттер, жол ұзақтығы, км

6. Рұқсат берілді: \_\_\_\_\_

(ұйым, рұқсат берушінің аты-жөні, мөрмен куәландырылған қолы, уақыты)

7. Рұқсатқа қосымша келіскен ұйымдар \_\_\_\_\_

(ұйым, рұқсат берушінің аты-жөні, мөрмен куәландырылған қолы, уақыты)

(ұйым, рұқсат берушінің аты-жөні, мөрмен куәландырылған қолы, уақыты)

8. ПМ Жол полициясының лауазымды адамы \_\_\_\_\_

(аты-жөні, мөрмен куәландырылған қолы, уақыты)

9. Төлем сомасы \_\_\_\_\_

(аты-жөні, мөрмен куәландырылған қолы, уақыты)

10. Ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарын өткізу жөніндегі негізгі ережелермен және талаптармен таныстым:  
Негізгі тягачтың жүргізушісі \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і , қ о л ы )

Жүкке ілесіп жүрген адам \_\_\_\_\_

(аты-жөні, қолы)

11. Тасымалдауға жауапты ұйым өкілі көлік құралдарын қарады және Жолда жүру ережелерінің, Ірі габаритті, ауыр салмақты көлік құралдарын өткізу жөніндегі нұсқау талаптарына сәйкес келеді

(ұйым, қызметі, аты-жөні, мөрмен куәландырылған қолы, уақыты)

.....  
| "АРНАЙЫ РҰҚСАТ" ТҮБІРТЕГІ | ірі габаритті немесе ауыр  
| \_\_\_\_\_ | салмақты көлік құралдарының өтуі үшін

Төлем сомасы \_\_\_\_\_

( ж а з б а ш а )

Жүргізуші \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і , қ о л ы )

Рұқсат берген ұйым өкілі \_\_\_\_\_

(ұйым, қызметі, аты-жөні, мөрмен куәландырылған қолы, уақыты)

2-Қосымша

Ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарына рұқсат  
а л у ү ш і н

ӨТІНІШ

Жүкті тасымалдаушы ұйымның аты, мекен-жайы, есеп шоты, телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жүру маршруты/маршрут өтетін пункттерді көрсету/\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жүретін уақыты, күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Көлік құралы мен тіркеменің маркасы, моделі, нөмірлік белгісі\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Көлік құралының параметрлері мен салмағы: ұзындығы \_\_\_\_\_м, ені \_\_\_\_\_м,

биіктігі (жүріс бөлігінен)\_\_\_\_\_м.

Жүгімен ең аз айналу радиусы \_\_\_\_\_м.

Осьтері мен доңғалақтарының орналасу схемасы, олардың ара қашықтығы, м:

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 т.б. салмақ, тк

Оське түсетін - - - - -

Көлік құралының жалпы нақты массасы \_\_\_\_\_

Жүктің аты және массасы \_\_\_\_\_

Ілесіп жүру түрі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Негізгі тягачты жүргізушінің аты-жөні \_\_\_\_\_

Жүкке ілесіп жүретін адамның аты-жөні \_\_\_\_\_

Тапсырыс берген жүк тасымалдаушының қызметі, аты-жөні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Тапсырысты берген күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

М.О.